

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» Астана, 2015 жылы 30 қараша // <http://www.akorda.kz/kz/>
- 2 Черняков А.А. Коррупция и ее юридические признаки // Борьба с организованной преступностью и коррупцией: Материалы международной конференции. – Алматы:, 1996. – 150с.
- 3 Мәмет С. Сыбайлас жемқорлықпен күрес нақандық шаруа емес. //Егемен Қазақстан. - №135-136. 2008. – Б. 2.
- 4 Кузнецова Н. Ф. Коррупция в системе уголовных преступлений // Вестник МГУ, Сер. 11. Право. -1993. № 1. – С.196-204.
- 5 Алауханов Е. Казахстанское и зарубежное антикоррупционные законодательства //Заң және Заман, -2008. №1. – С. 32.-39.
- 6 Малиновский И.Б. Коррупция: проблемы уголовной ответственности государственных служащих. - М., 1996. – 318с.

Машабаев А.Ж.

академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің доценті, з.ғ.к.

Ерқанатқызы Г.

академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің магистранты

Сыбайлас жемқорлықты алдын алудың өзекті мәселелері

Сыбайлас жемқорлыққа қылмыстық-құқықтық баға берудің өз ерекшелігі бар. Бұл баға екі өлшемге негізделеді: 1) асып кеткен әлеуметтік қауіптілік өлшемі, 2) заңды бұзатын сыбайлас жемқорлықтың дәстүрлік өлшемі. Қылмыстық жазасын тартатын жемқорлықты халықаралық тұрғыдан анықтауға негізделіп және ҚР ҚК -нің 3 бабында қамтылған кейбір ұғымдарды түсіндіру барысында берілген лауазымды тұлға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам туралы ұғымға қарап, сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің тізімінде көзделген сыбайлас жемқорлық қылмыстардың тізімінен кең екенін көруге болады.

Заңдық әдебиеттерде кең тараған көзқарас бойынша, жемқорлық ұғымында лауазымды тұлғалардың өз пайдасын табу

ниетімен ұйымдасқан қылмыскер қауымымен байланыс жасауы немесе мемлекеттік қызметкерлерді сырттан сатып алу көзделеді. Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа дамушы елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де жегі құрттай бұл кесел айналып өткен жоқ. Республика Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосылу стратегиясы, Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты халыққа жолдауында ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қатер ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жалпыұлттық кешенді бағдарламаны дәйекті түрде жүзеге асырудың қажеттігін айтып, сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық мүшелеріне, сондықтан жемқорлықпен күрес жалпы барша халықтың борышы екенін атап көрсетті[1].

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы заңы қабылданғаннан бері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Жалпы алғанда, қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде сыбайлас жемқорлық көрністерінің азаюы байқалады. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі-парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды. Сыбайлас жемқорлық алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді[2].

Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігінің шегінде өздерінің кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті деп көрестілген. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтармен айналысуының негізгі себептері мыналар болып табылады:

- мемлекеттік қызметшілердің құқықтық білім дәрежесінің төмен болуы;

- құқық бұзушылыққа немқұрайды қарайтын, қызметтік тәртібі төмен кейбір мемлекеттік органдар;

- кейбір мемлекеттік қызметшілердің мемлекет мүддесін емес, өзінің жеке басының жайын басым қояуы;

- кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы заң талаптарын орындау жөніндегі жұмысының мардымсыздығы. Сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес, бұл тамырын тереңге жайған, өзге сау органдарын шырмап, тыныс-тіршілігін тарылтатын, сөйтіп олардың толыққанды қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті кесел[3, 33].

Яғни бұқара көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көрністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойылып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс. Сонда ғана халық сенімінің үддесінен шығатынымыз сөзсіз. Сыбайлас жемқорлық қылмыстардың белгісімен іс қозғаудың бір негізі- азаматтардың арызы. Әрбір азамат өзінің конституциялық құқығын қорғауға міндетті, Қандай да болмасын «қолы да, жолы да ұзын» адамдар азаматтардың құқығын таптап, заңсыз әрекеттерге баратын болса, әділдікті орнатушы құқық қорғау органдары. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, турасын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік 50 мемлекеттің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып-парасат биігінен көрінуге тиіспіз. Бұл көзқарасты жақтап, Қылмыстылық жемқорлық іс- әрекеттердің толық тізімін алғашқы рет жасап берген ресейлік ғалым С.В.Максимов[4, 88]. ҚР -ның жаңа қылмыстық- құқылық заңнамасы бойынша,

сыбайлас жемқорлық қылмыстарға жемқор құқық бұзғандықтың барлық негізгі белгілеріне сәйкес келетін лауазымдық қылмыстарды жатқызуға болады. Бұл мынадай белгілер:

1) лауазымды тұлғаның өз қолына әр түрлі артықшылықтарды (мүлікті, біреудің қызмет көрсеткенін немесе жеңілдіктерді) түсірудің заңсыз (құқыққа қарсы) сипатты,

2) өз қызмет орнын мемлекеттік қызметтің мүдделеріне қарсы немесе қоғамдық ұйымның мақсаттарына қарсы пайдалану,

3) ҚР ҚК -нің 3 бабында көрсетілген белгілердің лауазымды тұлғада болуы, бірақ бұларға лауазымды тұлғаға пара беру немесе паракорлыққа делдалдық (ҚР ҚК -нің 367 бабы және 368 бабы) көрсету жағдайлары жатпайды.

4) айыпты тұлғада (тікелей немесе жанама түрде) мемлекеттік қызметтің беделіне, мемлекеттік немесе қоғамдық аппараттың заңды әрекетіне зиян тигізетін пиғылдың (қасақаналықтың) болуы.

Қазіргі тарих, түбегейлі функционалдық құрылымдар қоғам өмірінің ірі қақтығыстары қылмыстылықтың қауіпті деген нысандарының өсуімен ілеседі деп айқындайды. Қылмыстылық - әрқашан өзгермелі және өспелі құбылыс. Ол халық сипаттамасымен, халықтың ол үшін ішкі орта шарттарымен қарым-қатынас процесстерімен біртұтас әлеуметтік ортаның барлық компоненттерінің өзгерістерін көрсетеді.

Олардың қатарына бәрінен бұрын кәсіптік, ұйымдасқан қылмыс және сыбайлас жемқорлық жатады. Сыбайлас жемқорлық қылмыс дегенде жай топтық қылмыстың жасалуы туралы сөз қозғалғандығында емес, ерекше кен көлемдік ұжымдық қылмыс жасалғанда, өзіне ерекше қатынасты талап ететін айрықша құбылыс ретінде қарастыру қажет [5, 68]. Мындай қызметтің ерекше субъектісі – біріккен біртұтас ағзы ретінде әрекет ететін тұрақты ұйымдасқан қылмыстық құрылым табылады.

2008 жылы Кубада өткен VII конгресте сыбайлас жемқорлық қылмыс экологиядан кейін екінші проблема болып табылады және мемлекет бұл құбылысты шешуге өз территориясында әлсіз екені сөзге тартылды. Сыбайлас жемқорлық қылмыс әлеуметтік-құқықтық құбылыс болып табылады. Сыбайлас жемқорлық

қылмысты, жағдай, оған сәйкес келетін қылмыстық топ қатысушыларының мәртебесі республика бойынша онымен күресу шараларының тіркелмеген жағдай ретінде қарастырмау керек. Сыбайлас жемқорлық қылмыстың қоғамға толығымен әсерін түсіну үшін оның жан-жақты қылмыснамалық мінездемесін қарастыру қажет.

Қылмыстылықтың құрылымы, қылмыстық істеудің әдістері мен тәсілдері өзгеріп, неғұрлым анайы болып келеді. ҚР құқыққорғау органдарының қылмыстық іс бойынша құжаттары осыған дәлел болады. Сыбайлас жемқорлық қылмыстық топтардың жыл сайынғы мемлекетке тигізетін зардабын есептеу мүмкін емес. Мемлекеттік органдардың және азаматтық қоғам институттарының қызметін үйлестірудің тиімділігін жетілдіру арқылы қоғам өмірінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық деңгейін азайту басты мемлекеттің мақсатына айналуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат өмірдің түрлі салаларында сыбайлас жемқорлықты тудыратын және мемлекеттік қызметшіні сыбайлас жемқорлық әрекет жасауға итермелеп, мүмкіндік туғызатын себептер мен жағдайларды барынша азайту жөніндегі мемлекеттің және қоғамның жан-жақты және дәйекті шараларын әзірлеуді және жүзеге асыруды көздейді.

Дегенмен іске асырылып отырған негізгі бағыттар толымды болып саналмайтынын ескеру керек. Олар тек жекелеген іс-шараларды жүзеге асыру бойынша ғана емес, сонымен қатар сыбайлас жемқорлық құбылысын, оның себептерін, сыбайлас жемқорлық іс-әрекетінің салдарын терең талдау, тура және жанама экономикалық және басқа шығындарды дәл және объективті бағалаудың нәтижелері ескеріле отырып, орындалуы қажет.

Тәжірибе көрсеткендей, сыбайлас жемқорлық мемлекеттік жүйенің біртұтастығын бұзады, мемлекеттік билік беделінің және мемлекеттік қызмет абыройының құлдырауына ықпал етеді.

Сыбайлас жемқорлықтың қарқынды түрде тамыр таратуы заңнамалардың толығымен пісіп-жетілмеуі ғана емес, халықтың материалдық-тұрмыстық мәселелерінің шешілмеуі, сонымен қатар әлі де бейімделе алмай жатқан адамзат санасының әсері де бар деп айтсақ, қателеспейміз. Жемқорлықтың алдын алу тек

мемлекет пен оның құқық қорғау және күш органдарының ғана тікелей міндеті деген пікірден арылмайынша, сондай-ақ оған қарсы күреске мемлекеттің әрбір азаматы мүмкіндігіне қарай өз үлесін қоспайынша, қандайда бір нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес екендігі түсінікті жайт.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы». Қазақстан Республикасының Президентінің Парламент палаталарының бірлескен отырысында сөйлеген сөзі, 2006 жылғы 18 қаңтар // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs>
2. Жұмабаев Н.Ә. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асырудың халықаралық және қазақстандық тәжірибесі». // www.apa.kz 28.01-01.02, 2008ж.
3. Алауханов Е. Казахстанское и зарубежное антикоррупционные законодательства // Заң және Заман, -2008. №1. – С. 32.-39.
4. Максимов С. В. Предупреждение коррупции: Лекция. - М.: МИ МВД РФ, 1994. – 128с.
5. Волженкин Б. В. Коррупция и уголовный закон // Правоведение.- 1991. -№6. – С. 66-74.

Машабаев А.Ж.

академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің доценті, з.ғ.к.

Сейтімбетова А.Б.

академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің магистранты

Қоршаған ортаны қорғау қатынастарын қылмыстық құқықтық реттеу

Қоршаған табиғи ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану - қоғамның экономикалық даму барысын жетілдірудің міндетті шарты. Біздің елімізде табиғатты қорғау және оның байлықтарын тиімді пайдалану қоғамның дамуының конституциялық қағидаларына енгізілген, ол әрбір адамның парызы ретінде жалпы-мемлекеттік, жалпыхалықтық міндет болып табылады.

Соңғы жылдары экологиялық қылмыстылықтың өсуі әсер қалдырып, қауіптендіреді. Мәселен, соңғы жылдары жалпы